



ШЖҚ РМҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті


САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН


Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті
Ректоры

 А.А. Таленов
«14» сәуіртөқсан 2018 ж.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ
ЖАНЫНДАҒЫ "БАЛАНЫ ДАМУ" ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СМЖ № 081

Атырау 2018ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	2 бет, 10 беттен тұрады

Алғы сөз

1. ӘЗІРЛЕГЕН: Ғылым департаменті

2. ЕНГІЗГЕН: Сапа менеджмент жүйесі қызметі

3. ӘЗІРЛЕУШІ:


Муханбетжанова А.У. – Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы
"Баланы дамыту" ғылыми-зерттеу зертханасының менгерушісі

4. «14» желтоқсан 2018 ж. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

5. ЕНГІЗІЛДІ: ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ


6. Құжатты ҚАЙТА ҚАРАУ мерзімділігі 3 жылда 1 рет.

Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2021 жыл.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	3 бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Негізгі міндеті	4
4	Негізгі қызметі	5
5	Ұйымдық құрылымы	5
6	Өзге құрылымдармен байланыс	5
7	Құқығы мен жауапкершілігі	5
8	Нормативтік сілтемелер	6
9	Өзгертулер	6
10	Келісім алу, сақтау және тарату	7
11	Келісім парағы	8
12	Танысу парағы	9
13	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	10

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	4 бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ереже


- 1.1 "Баланы дамыту" ғылыми - зерттеу зертханасы (бұдан әрі- ҒЗЗ) жалпы университеттік бөлім болып табылады, мектепке дейінгі мекемелердің болашақ тәрбиеші - мамандарының педагогикалық тәжірибесін өткізу және бастауыш оқыту, практикалық сабақтар өткізу, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың жеке, дене бітімі, психологиялық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін кеңес беру қызметтер көрсету мақсатында әдістемелік база ретінде дуалды оқытуды жүзеге асыру мақсатында құрылады.
- 1.2 Өз қызметінде ҒЗЗ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативті және құқықтық актілерін, университет Жарғысын, ректордың бұйрықтары мен өкімдерін, осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.3 ҒЗЗ басшылығын ректордың бұйрығымен тағайындалған менгеруші жүзеге асырады. ҒЗЗ қызметкерлері менгерушісінің ұсынысы бойынша университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.
- 1.4 ҒЗЗ университет ректоры бекіткен перспективалық және ағымдағы жоспарлар мен бағдарламалар негізінде өз қызметін ұйымдастырады
- 1.5 Бюджеттен тыс көздерден қаржыландырылатын зерттеулер мен жұмыстарды жоспарлау сыртқы тапсырыстардың портфеліне сәйкес жүргізіледі.
- 1.6 ҒЗЗ қызметін қаржыландыру:
 - бюджеттік қаржыландыру қаражаты;
 - ғылыми-зерттеу, ғылыми-практикалық және білім беру қызметінен түскен табыстар, тапсырыс берушілермен және жұмыс пен қызмет тұтынушылармен келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылады.
- 1.7 Тапсырыс беруші ретінде университеттің құрылымдық бөлімшелері, сыртқы тапсырыс берушілер (заңды және жеке тұлғалар) болады.

2 Қысқартулар

АтМУ – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;
 ҚР – Қазақстан Республикасы;
 ҒЗЗ – Ғылыми-зерттеу зертханасы;
 ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;
 ҒЖП – Ғылым жөніндегі проректор;
 ОЖП – Оқу ісі жөніндегі проректор;
 ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы;
 СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі.

3 Негізгі міндеті

- 3.1 Мектепке дейінгі мекемелердің болашақ тәрбиеші және бастауыш оқыту мамандарының педагогикалық тәжірибесін өткізу мақсатында әдістемелік база ретінде дуалды оқытуды жүзеге асыру, ерте, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың жеке, дене бітімі, психологиялық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін кеңес беру қызметтерді ұсыну. Ерте, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың даму деңгейінің диагностикасы, балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	5 бет, 10 беттен тұрады

- 3.2 Дене, психикалық, танымдық, тұлғалық дамуы үшін орта құру;
- 3.3 Эмоционалдық және мінез-құлықтық бұзылыстардың алдын алу, баланың отбасында, балалар ұжымында әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынасын үйлестіру;
- 3.4 Балалардың дамуын түзету және алдын алу.
- 3.5 Ерте жастағы, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың даму деңгейінің диагностикасы, балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау.
- 3.6 Балалардың дамуын түзету және алдын алу.
- 3.7 Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу.
- 3.8 Дипломдық және магистрлік диссертациялық жұмыстардың тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу.

4 Негізгі қызметі

- 4.1 Балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша кеңес беру (отбасылық, жеке, топтық);
- 4.2 Ойындар, тренингтер және танымдық, интеллектуалдық, көркемдік-шығармашылық қабілеттерін белсендіруге ықпал ететін дамыту әдістемелерін қолдана отырып балалармен белсенді жұмыстың басқа да түрлері;
- 4.3 Балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде педагогтер мен ата-аналар үшін семинарлар, дөңгелек үстелдер, бір жолғы дәрістер өткізу.

4.1 Жұмыстың негізгі бағыттары


- 4.1.1 Диагностикалық (жасына сәйкес ерте жастағы, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың даму проблемалары мен бұзылуларын анықтау);
- 4.1.2 Ұйымдастырушылық (ҒЗЗ-ға жұмысқа кафедра мамандарын, сондай-ақ келісім-шарт негізінде басқа да мамандарды тарту, олардың құзыреттілігіне сәйкес)
- 4.1.3 Кеңес беру (ҒЗЗ мамандары, АТМУ қызметкерлері балаларда жеке-топтық кеңес беру қызмет түрлерін жүргізу);
- 4.1.4 Алдын алу (балалардың психологиялық денсаулығын дамытудағы қолайсыз жағдайлардың алдын алу);
- 4.1.5 Дамытушы (балалардың тұлғалық, психофизикалық, көркемдік-эстетикалық және басқа да қабілеттерін жандандыру бойынша дамытушы қызмет түрлерін жүзеге асыру);
- 4.1.6 Маркетингтік (мектепке дейінгі жастағы және кіші мектеп жасындағы балаларды оқыту, дамыту, тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін жүйелі, кешенді зерттеу).

5 Ұйымдық құрылымы

- 5.1 ҒЗЗ құрылымы мен штатын университет ректоры ПОҚ және қызметкерлер санының құрылымы мен нормативтеріне сәйкес бекітеді.

6 Өзге құрылымдармен байланыс

- 6.1 Ғылыми-зерттеу зертханасы университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен, факультеттермен, кафедралармен өзара байланыс жасайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	6 бет, 10 беттен туралы

7 Құқығы және жауапкершілігі

7.1 Құқығы бар:

- 7.1.1 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылығынан F33 қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды ұсынууды сұрау;
- 7.1.2 Ерте жастағы, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы ата-аналар мен балалар үшін кеңес беру және дамыту қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
- 7.1.3 F33 қызметін жетілдіру және зерттеулер жүргізу бойынша университет басшылығына ұсыныстар енгізу;
- 7.1.4 F33 құзыретіне жататын мәселелер бойынша университет атынан басқа ұйымдар мен мекемелерде өкілдік ету;
- 7.1.5 Семинарлар, тренингтер мен конференцияларға қатысу және өткізу;
- 7.1.6 Белгіленген тәртіпте университеттің және университет бөлімшелерінің ақпараттық ресурстарына қол жеткізу.

7.2 Жауапкершілігі:


- 7.2.1 Басқа қызметкерлердің жауапкершілік дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.
- 7.2.2 F33 қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

8 Нормативтік сілтемелер


- 8.1 «ҚР Білім туралы» заңы;
- 8.2 ҚР Еңбек кодексі;
- 8.3 Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құжаттар;
- 8.4 Университет жарғысы;
- 8.5 АтМУ құжаттамасы. Х. Досмұхамедов.

9 Өзгертулер

- 9.1 Ережеге енгізілетін өзгерістер ОЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 9.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізугезертхана меңгерушісі жауапкершілікте болады.
- 9.3 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 9.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:
- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
 - ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
 - ҚББ мен FЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	7 бет, 10 беттен тұрады

- 9.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 9.6 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 9.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.
- 10 Келісім алу, сақтау және тарату**
- 10.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 10.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 10.3 Ереже келісімімен жасалады:
- ОІЖП;
 - СМЖ қызметімен;
 - заң кеңесшісімен.
- 10.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады..
- 10.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.
- 10.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүргізеді.
- 10.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жанындағы «Баланы дамыту» ғылыми-зерттеу зертханасы туралы Ереже	8 бет, 10 беттен тұрады

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Оқу ісі жөніндегі проректор	Джарасова Г.С.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым жөніндегі проректор	Идрисов С.Н.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым департаментінің директоры	Мусаева А.А.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
"Баланы дамыту" ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі	Муханбетжанова А. У.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
СМЖ қызметінің бастығы	Балтурганова С.К.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Заң кеңесшісі	Губайдуллин М.Г.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)

